Кіріспе. Сүт және сүт өнімдерінің сапасы және олардың эпидемиологиялық қауіпсіздігі технологиялық жабдықтардың, инвентарлар мен ыдыстың санитарлық жағдайына айтарлықтай тәуелді. Сапасыз өнім шығарудың себебі көбінесе оларды сапасыз жуу және дезинфекциялау болып табылады. Сүт фермалары мен сүт өнеркәсібі кәсіпорындарында жабдықтарды сапалы санитарлық өңдеу мәселелеріне ерекше назар аудару қажет.

Сүт және сүт өнімдерінің сапасы және олардың эпидемиологиялық қауіпсіздігі технологиялық жабдықтардың, инвентарлар мен ыдыстың санитарлық жағдайына айтарлықтай тәуелді. Қайта бактериялық тұқымдану, пастерленген және стерилизацияланған сүт өнімдерінің ластануы болмауы үшін технологиялық жабдықты мұқият жуу және дезинфекциялау қажет [1, 2]. Жабдықтың бетінде ластану ақуыздардан, майлардан, фосфатидтерден, минералды құрамдастары бар денатуратталған сарысулық белоктардың кешендерінен (сүт тастары және т. б.) тұратын сүт өнімдері мен тұнба (күйік) қалдықтары күйінде болады. Әрбір денеде немесе затта молекулааралық тартылыс күші бар. Егер бұл күштер өзара теңестірілсе, онда молекулааралық күштердің беттік қабатында пайдаланылмаған (еркін) болып қалады, сондықтан мұндай дене немесе зат беттік энергияға ие. Нәтижесінде ластанудың жекелеген бөлшектері бір-біріне бірігіп, жабдықтың бетіне берік жабысып қалады. Құрғақ немесе жанған ластанулар неғұрлым берік ұсталады, өйткені молекулааралық өзара әрекеттесудің күші бөлшектердің өзара немесе жабдықтың бетіне өте

тығыз жанасқанда ғана пайда болады. Егер олардың арасындағы қашықтық судың өтуі есебінен азайтылса, бөлшектерді ұсақталып оларды жабдық бетінен алып тастау жеңіл болады [3, 4].

Материалдар мен әдістер. Ғылыми зерттеулердің эксперименталдық бөлігі Қазақ ұлттық аграрлық университетінің, ветеринария факультетіндегі «Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена» кафедрасының ғылыми зерттеу зертханасында жүргізілсе, өндірістік зерттеулер Алматы облысы, Талғар ауданында орналасқан ЖШС «Амиран» Қазақ тағамтану академиясының зауытында сүт өңдеу цехында іске асырылды.

Жабдықтарды, құбырларды, инвентарды санитарлық өңдеу сапасын бақылауды зауыттың микробиологиялық зертханалары немесе санэпидстанция жүргізеді. Жуғаннан және дезинфекциялаудан кейін шайындыларда ішек таяқшалары тобының бактериялары бар-жоғын айына кемінде 3 рет (ескертусіз) зерттеп отырылады. Ішек таяқшалары шайындыларда болмауы қажет. Ерекше талаптар қоятын жабдықтар (ұйытқыларға, диетөнімдерге арналған ванналар мен құбырлар, пастерленген сүтке және кілегейге арналған резервуарлар мен сүт құбырлары және т.б.) жалпы бактериялық тұқымдылыққа тексеріледі. Өнімнің санитариялық көрсеткіштері қанағаттанғысыз болған жағдайда микробиологиялық зертхана дербес немесе санитариялық дәрігердің талабы бойынша жиі жууды және дезинфекцияны бақылауды жүзеге асырады. Дайын өнім жанасатын жабдық пен ыдысты эпидемияға қарсы бақылаудың ерекше маңызы бар. Жуу кезінде ішек таяқшалары табылған жағдайда зертхана цехқа (учаскеге) жабдықты, инвентарды, ыдыстарды дереу жуу және дезинфекциялау туралы нұсқама береді, содан кейін шайындыларды қайта алады. Шайындыларында ішек таяқшасын қайта анықтаған кезде әкімшілік құбырларды бөлшектей отырып, барлық жабдықтарды күрделі жинау, мұқият жуу және дезинфекциялау үшін цех жұмысын тоқтатуға міндетті. Осыдан кейін зертхана қайтадан микробиологиялық зерттеулер жүргізуі тиіс [5].

Кәсіпорындардағы жабдықтарды санитарлық өңдеуді бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырады. Жабдықтарды санитарлық өңдеу сапасын бақылауды техникалық бақылау бөлімі (зертхана) немесе кәсіпорын әкімшілігінің бұйрығымен арнайы тағайындалған маман сүт өнеркәсібі кәсіпорындарындағы өндірісті микробиологиялық бақылау бойынша нұсқаулық талаптарына сәйкес бактериологиялық талдау жүргізу және көзбен шолып қарау жолдарымен жүзеге асырады. Микробиолог өндіріс ішіндегі бақылау тәртібіне және шығарылатын өнімнің сапасына сәйкес жабдықтар мен инвентардың санитариялық-гигиеналық жай-күйіне ескертусіз бақылау жүргізеді.

Шайындыларда микроорганизмдердің үш тобын бақылайды:

- мезофильді аэробтық және факультативті-анаэробтық микроорганизмдер саны (МАФАНМС) – 1 м³ шайғыш сұйықтықты себумен;
- шаю сұйықтығының барлық көлемінде бактерия тобындағы ішек таяқшасының – БТІТ (*Escherichia coli*) болмауы/болуы;
- орайтын материалдардың және ағаш құрал-жабдықтардың шайындыларда зен саңырауқұлақтарының болмауы/болуы [6, 7].

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау. Ғылыми зерттеу жұмыстың өндірістік жағдайдағы ізденістер, ЖШС «Амиран» Қазақ тағамтану академиясының зауытында сүт өңдеу цехындағы құрал жабдықтар мен ғимараттың беткейлеріндегі микроорганизмдермен ластану дәрежесінің санитариялық жағдайын анықтауға негізделген.

Жабдықтар мен аппаратураларды және де ғимараттың беткейлерін санитариялық өңдеудің белгіленген кезеңділігін қатаң орындау үшін әрбір цехта ай сайынғы жуу және дезинфекциялау кестесі болуы тиіс. Жуғаннан және дезинфекциялаудан кейін 6 сағаттан артық пайдаланылмайтын жабдық жұмыс басталар алдында екінші рет дезинфекцияланады. Жуу және дезинфекциялау сапасын микробиологиялық бақылауды мемлекеттік санитариялық эпидемиологиялық қадағалау кәсіпорны мен аумақтық орталықтарының зертханалары тікелей жұмыс басталар алдында жүзеге асырады. Бұл дегеніміз өндірілетін өнімнің санитариялық сапасын жақсартуға бағытталған іс-шаралар болып табылады. Сондықтан, сүт

және сүт өнімдерін өндіру мен сақтауға арналған резервуарларды санитариялық өңдеуді, міндетті түрде әрбір партия аяқталғаннан кейін жүргізу керек. Техникалық ақаулықтар немесе сүт беруде 2 сағат және одан да көп үзіліс салдарынан жабдықтың мәжбүрлі тоқтап тұруы жағдайында пастерленген сүт немесе нормаланған қоспалар құйылып, қайта пастерлеуге жіберілуі тиіс, ал құбырлар мен жабдықтар толық қанды жуылып, санитариялық өңдеу жұмыстары жүргізіледі.

Өндірілетін өнімнің сапасын арттыру жұмыстарының іске асырылуына назар аударатырып, ЖШС «Амиран» Қазақ тағамтану академиясының зауытында сүт өңдеу цехындағы құрал жабдықтар мен ғимараттың беткейлеріндегі микроорганизмдермен ластану дәрежесінің алдын алу мақсатында дезинфекциялық шаралар іске асырылды. Профилактикалық дезинфекцияның тиімділігін бағалау үшін өндірістегі қолданылып жүрген «Нависан АС» препаратымен қазіргі таңда, еліміздің көптеген кәсіпорындарында қолданыста жүрген «Дезмол» препаратын бақылау ретінде алып, салыстырмалы зерттеу жұмыстары жүргізілді. Оның зерттеу нәтижелері төмендегі 1-ші кестеде келтірілді.

1-кесте – Дезинфекциялық препараттардың тиімділігін анықтау нәтижелері

Бақылау нысандары	Микробиологиялық көрсеткіштер					
	БТІТ		МАФАНМС, КТБ/см ²		Зең саңырауқұлақ, КТБ/см ²	
	норма	зерттеу	норма	зерттеу	норма	зерттеу
«Нависан АС» препараты						
Қондырғылар мен жабдықтар	Болмау керек	жоқ	< 100	5,2±2,8	*	-
Ыдыс және буып-түю заттары	Болмау керек	жоқ	< 100	12,0±2,0	-	-
Орау материалдары: пергамент, фольга, пленка және т.б.	Болмау керек	жоқ	< 100	2,3±1,1	0 ден 5 дейін	2,0±0,8
Ағаш жабдықтар	Болмау керек	жоқ	Болмау керек	жоқ	Болмау керек	жоқ
Қызметкерлердің қолы	Болмау керек	жоқ	-	-	-	-
«Дезмол» препараты						
Қондырғылар мен жабдықтар	Болмау керек	жоқ	< 100	5,4±2,6	*	-
Ыдыс және буып-түю заттары	Болмау керек	жоқ	< 100	14,6±2,4	-	-
Орау материалдары: пергамент, фольга, пленка және т.б.	Болмау керек	жоқ	< 100	2,2±1,0	0 ден 5 дейін	2,4±1,0
Ағаш жабдықтар	Болмау керек	жоқ	Болмау керек	жоқ	Болмау керек	жоқ
Қызметкерлердің қолы	Болмау керек	жоқ	-	-	-	-
«*» - қалыпты бақылау кезінде көрсеткіш анықталмайды «-» - бақылау жұмыстары жүргізілмейді						

1-ші кестеден алынған мәліметтерді талдай келе, қолданылған екі препараттың әсерінен барлық зерттеу нысандарында БТІТ микроорганизмдері толықтай жойылғанына көз жеткізіліп отыр. МАФАНМС бойынша «Нависан АС» препаратының әсерінен 2,3±1,1-12,0±2,0 КТБ/см² сандық көрсеткішке ие болып, нормадағы көрсеткішке қарағанда тиімділігі өте жоғары екені анықталды. Мұндай жағдай «Дезмол» препаратында 2,2±1,0-14,6±2,4 КТБ/см² құрап, «Нависан АС» препаратының нәтижесімен салыстырғанда аздап ғана төмен екені (2,6 %-ға) байқалды. Ал, зең саңырауқұлақтардың – пергамент, фольга, пленка және

т.б. заттардың беткейлерінде «Нависан АС» препаратының әсерінен – $(2,0 \pm 0,8)$ КТБ/см² төмендеп, «Дезмол» препаратының нәтижесімен $(2,4 \pm 1,0)$ КТБ/см² салыстырғанда бактерицидтік тиімділігі 0,4 %-ға жоғары екенін көрсетті.

Жалпы зерттеулердің нәтижесінде, қолданылған препараттардың бактерицидтік қасиеті жоғары екенін көруге болады. Егерде қандайда бір көрсеткіштер сәйкес келмеген (асып кеткен) жағдайда санитариялық өндеуді тиімсіз деп есептеп, бұл бағытта күшейтілген шараларды қолдануды көздеуді қажет етеді.

Зерттеулердің келесі сатысы сүт өндеу цехындағы өндірістік және өндірістік емес ғимараттардың ауасындағы микроорганизмдерді жою шаралары іске асырылды.

Ауаға микроорганизмдер шаң-тозаңмен көтеріледі де, қайтадан солармен бірге әртүрлі қондырғылар мен жабдықтардың беткейлеріне шөгеді. Сондықтан ауада микроорганизмдердің саны мен сапасы өнеркәсіпте жүргізілген санитариялық шаралардың сапасына байланысты болады. Әсіресе өндірісі күшті өнеркәсіп орындарында және де қалалық аймақтың ауасында микроорганизмдері өте көп болады. Ал керісінше ауыл -село, орман, тау, теңіз және Арктика мұздарының бетіндегі ауада микроорганизмдер мүлде аз кездеседі. Сондықтан халық көп шоғырланған аймақтарда ауадағы микроорганизмдердің шоғырлану деңгейі жоғары екенін ескерер болсақ, өндірілетін және дайын өнімдердің зардапты микроорганизмдермен ластануы ғажап емес екенін түсінуге болады. Аталған факторларды ескере отырып, сүт өндеу цехындағы өндірістік және өндірістік емес ғимараттардың ауасына профилактикалық дезинфекция шаралары іске асырылды. Оның нәтижелері төмендегі 2-ші кестеде берілді.

2-кесте – Өндіріс ғимараттарының ауасын санитариялық өндеу нәтижелері

Бақылау нысандары	Микробиологиялық көрсеткіштер					
	Ашытқылар* КТБ/см ³		МАФАНМС, КТБ/см ³		Зеңдер*, КТБ/см ³	
	норма	зерттеу	норма	зерттеу	норма	зерттеу
«Нависан АС» препараты						
Өндірістік ғимараттың ауасы	до 5	1,5±0,8	до 70	8,6±2,7	до 5	1,2±0,7
Өндірістік емес ғимараттың ауасы	до 10	2,8±1,2	до 100	14,9±3,8	до 15	4,6±2,0
«Дезмол» препараты						
Өндірістік ғимараттың ауасы	до 5	1,6±0,8	до 70	9,0±2,8	до 5	1,2±0,7
Өндірістік емес ғимараттың ауасы	до 10	3,0±1,5	до 100	16,2±4,0	до 15	4,0±2,0
«*» - Сүт-консерві зауыттары үшін ауада ашытқы мен зеңдер жіберілмейді						

«Нависан АС» препаратымен жүргізілген зерттеулерде өндірістік ғимараттың ауасында ашытқылардың көрсеткіші – $(1,5 \pm 0,8)$; МАФАНМС – $(9,0 \pm 2,8)$; зеңдер – $(1,2 \pm 0,7)$ КТБ/см³ құрап, профилактикалық дезинфекцияның нәтижесі жоғарғы деңгейде жүргізілгенін көрсетті. Өндірістік емес ғимараттың ауасындағы көрсеткіштер бойынша: ашытқылар – $(2,8 \pm 1,2)$; МАФАНМС – $(14,9 \pm 3,8)$; зеңдер – $(4,6 \pm 2,0)$ КТБ/см³ құрап, нормадағы сандық мәліметпен салыстырғанда, нәтижесін оғары деп бағалауға болады.

Ал, «Дезмол» препаратымен жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде, өндірістік ғимараттың ауасында: ашытқылар – $(1,6 \pm 0,8)$; МАФАНМС – $(8,6 \pm 2,7)$; зеңдер – $(1,2 \pm 0,7)$ КТБ/см³ құраса, өндірістік емес ғимараттың ауасындағы ашытқылар саны – $(3,0 \pm 1,5)$; МАФАНМС – $(16,2 \pm 4,0)$; зеңдер – $(4,0 \pm 2,0)$ КТБ/см³ құрап, профилактикалық дезинфекцияның нәтижесі жақсы деген бағаға лайық екенін көрсетті.

Зерттеулердің нәтижесінде, «Нависан АС» препаратының бактерицидтік қасиеті «Дезмол» препаратымен салыстырғанда 0,6 %-ға ғана жоғары екенін көрсетіп, тиімділігі жағынан екі препаратта шамалас болып отыр.

Қорытынды. Сүт өңдеу цехындағы құрал жабдықтар мен ғимараттың беткейлеріндегі микроорганизмдермен ластану дәрежесінің алдын алу мақсатында профилактикалық дезинфекцияда қолданылған «Нависан АС» және «Дезмол» препараттарының нәтижесі жоғарғы деңгейді көрсетіп, «Нависан АС» препаратының бактерицидтік қасиетінің тиімділігі, «Дезмол» препаратынан 0,6 %-ға ғана жоғары екені анықталды. Жалпы аталған препараттарды профилактикалық дезинфекция мақсатында өндірісте толық қанды қолдануға болады деген тұжырым жасауға болады.

ӘДЕБИЕТ

1 Барахов Б.Б. Ветеринарно-санитарная оценка пенной дезинфекции на объектах ветеринарного надзора: дисс. ... канд. вет. наук. – Алматы, 2010. – 117 с.

2 Дегтярёв Г.П. Новые направления в повышении качества молока // Научно-технический прогресс в животноводстве – ресурсосбережение на основе создания и применения инновационных технологий и техники: сб. науч. тр. – Подольск, 2008. – 18. – С. 40-47.

3 Тагаев О.О. Пути совершенствования ветеринарно-санитарных мероприятий на объектах ветеринарного надзора: дисс. ... докт. вет. наук. – Алматы, 2010. – 363 с.

4 Воздух. Контроль загрязнений по международным стандартам. – М.: Протектор, 2002. – 432 с.

5 Санитарные правила и нормы. Продовольственное сырье и пищевые продукты. – М.: Книга сервис, 2006. – 192 с.

6 Правила проведения дезинфекции и дезинвазии объектов государственного ветеринарного надзора. – М., 2002. – С. 5.

7 СанПиН 2.3.4.551-96. Производство молока и молочных продуктов.

ӘОЖ 636.234.1.082.1

Ы.У. Сарыбаев¹, Е.С. Усенбеков¹, О.Т. Туребеков¹, Т.Р. Балтахожаев², Ж.Ж. Бименова¹

¹Қазақ Ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан

²М.Ауэзов ат.Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
Sarybaev.68@mail.ru

FSHR, LHSGR ЗЕРТТЕУ ГЕНДЕРІНІҢ ЭКСПРЕССИЯСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ОВУЛЯЦИЯ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ

Аннотация. Біздің елімізде сиырлардың бедеу қалуының басты себептерінің бірі аналық жыныс безде кездесетін патологиялар. Мақала авторларының айтуы бойынша асыл тұқымды сиырлардың арасында аналық жыныс безінің күлдіреуігі гинекологиялық аурулардың басым бөлігін құрайды.

Көптеген отандық ғалымдар асыл тұқымды сиырлардың аналық жыныс бездеріндегі овуляция процесін ультрадыбыстық зерттеу және қандағы ФСГ, ЛГ және эстрогендік гормондарды талдау нәтижесінде мәліметтер келтіріліп, ғылыми тұрғыдан талқылаған. Нәтижесінде: жұмыртқалықтың күлдіреуігін және басқа да жыныс жүйесіндегі патологиялық өзгерістерді дер кезінде анықтап, экономикалық шығынды барынша азайтуға мүмкіндік береді. Қалыптасып қалған патологиялық өзгерістерді қайта тексеру тек уақытты босқа кетірумен қатар ауруды асқындырып жіберуге жағдай туғызады.

Алайда біздің жүргізіп отырған қазіргі кездегі заманауи зерттеу жұмыстарымыз еліміздегі асыл тұқымды және жоғары өнімді, ауруға төзімді мал тұқымын көбейтуде септігін тигізері сөзсіз.

Түйін сөздер: гинекология, патология, эстроген, ФСГ, ЛГ, ультрадыбыс, овуляция, экономика, автор.

Ы.У. Сарыбаев¹, Е.С. Усенбеков¹, О.Т. Туребеков¹, Т.Р. Балтахожаев², Ж.Ж. Бименова¹

¹Казахский Национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан

²Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова., Шымкент, Казахстан

ОПРЕДЕЛЕНИЕ УРОВНЯ ОВУЛЯЦИИ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ЭКСПРЕССИИ ИССЛЕДОВАЕМЫХ ГЕНОВ LHCGR, FSHR

Аннотация. Одной из главных причин бесплодия коров в нашей стране являются патологии, встречающиеся в яичниках. По словам авторов статьи, патология яичников составляет большую часть гинекологических заболеваний среди племенных коров.

Многие отечественные ученые проводили ультразвукового исследования процесса овуляции в яичниках племенных коров и научно обсуждали данные в результате анализа ФСГ, ЛГ и эстрогенных гормонов в крови. В результате: своевременное выявление симптомы болезни яичников и других патологических изменений в половой системе, что позволит минимизировать экономические потери. Повторное обследование сформировавшихся патологических изменений это утрата времени и приведет обострению заболевания.

Но нынешние исследования, которые мы проводим, несомненно, будут способствовать в нашей стране увеличению племенных и высокопродуктивных пород, устойчивых к болезням животных.

Ключевое слово: гинекология, патология, эстроген, ФСГ, ЛГ, ультразвук, овуляция, экономика, автор.

Y.U. Sarybaev¹, T.S. Usenbekov¹, O.T. Turebekov¹, T.R. Baltahozhaev², Zh.Zh. Bimenova¹

¹Kazakh National agrarian University, Almaty, Kazakhstan

²M.Auezov South Kazakstan State University, Shymkent, Kazakhstan

DETERMINATION OF OVULATION LEVEL DEPENDING ON THE EXPRESSION OF THE STUDIED LHCGR, FSHR GENES

Abstract. One of the main causes of infertility of cows in our country are pathologies found in the ovaries. According to the authors, among the breeding cows, the ovarian fibrome is a large part of gynecological diseases.

Many Russian scientists cited and discussed data from ultrasound studies of ovulation in the ovaries of breeding cows and analysis of FSH, LH and estrogenic hormones in the blood. As a result: timely detection of ovarian cereals and other pathological changes in the sexual system, which will minimize economic losses. Repeated examination of the formed pathological changes contributes not only to the free removal of time, but also to the exacerbation of the disease.

But the current research that we are conducting will undoubtedly contribute to the increase in breeding and highly productive breeds that are resistant to animal diseases in our country.

Keywords: gynecology, pathology, estrogen, FSH, LH, ultrasound, ovulation, economics, author.

Кіріспе. Бүгінгі таңда елімізде асыл тұқымды мал санының артуына байланысты, мал мамандарына алдында алынатын төлдің саны емес сапасына мән беру басты міндет болып тұр.

Осы тұрғыдан алғанда көптеген шаруашылықтардағы аналық малдың жыныс мүшелерінде кездесетін түрлі патологиялар сиырлардың тұрақты төл беру көрсеткішіне кедергі жасауда.

Нәтижесінде Республикамыздағы бір қатар малшаруашылығы есептегі аналықтың 20-30 % төл бермей қалады. Бұндай жағдай көбнесе сүт өндіретін шаруашылықтарда жиі кездеседі, өйткені өнімді көбейту үшін технологиялық процесстер бұзылып жатады, сонымен қатар аналық мал дер кезінде суалтылмай қалып, ұзақ уақыт ұрықтанбай қалады.

Ғылыми әдебиеттегі деректерге сүйенетін болсақ, отандық және шетел ғалымдары өз еңбектерінде аналық жұмыртқа овуляциясының қалыпты жағдайда өтуіне тікелей әсер ететін ФСГ және ЛГ гормондары жайлы зерттеу нәтижелері көптеп көрсетілген [1].

Айта кету керек, овуляция процесінің қалыпты жағдайда өтуі әлі күнге дейін арнаулы бақылаулар мен зерттеулерді қажет етеді. Аналық организміне овуляция процесіне жоғарыда айтылғандардан басқа да факторларда кері септігін тигізіп жатады [2].

Репродуктивті қызметі қалыпты жағдайдағы сиырлар, олар кем дегенде үш рет жүйелі түрде ұрықтандырудан кейін өсірілмейді, себебі ол сүт фермаларын үлкен экономикалық шығындарға алып келеді [3].

Ғалымдар өздерінің тәжірибелеріне сүйене отырып, гонадотропты гормондарға жауапты FSHR, LHCGR гендерінің аналық жыныс бездері мен фолликулаларының ішкі патофизиологиялық және морфологиялық өзгерістермен байланысты екенін көрсетеді [4].

Сонымен қатар сиырлардың сүт өнімділігінің деңгейі овуляторлық фолликулдардың санына әсер етеді деп болжануда. Гонадотропты гормондардың көрсеткіші және туғаннан кейінгі сүтті сиырлардың репродуктивті қызметінің сипаттамалары овуляция деңгейін анықтауға басты негіз болды [5].

Ұрғашы малдардың қанында ФСГ, ЛГ және эстрогендер концентрациясы ең жоғары деңгейде болса, фолликула пісіп-жетіліп, ооцит овуляциясына әкеледі. Фолликул көлемінің үлкеюі жалғасып, нәтижесінде фолликул өсіп және фолликулярлық сұйық көбейеді .

Фолликулдың сыртқа шығып томпыып тұрған орнын стигма деп атайды. Овуляция кезінде қан құрамында ЛГ концентрациясы ең жоғарғы концентрацияда болып, сипатты өзгерістер болады. Фолликул қабырғасы жұқарып өзгеруіне байланысты, оның жарылуы, пайда болған коллагенез ферменті арқылы процесі тездетеді. Сонымен қатар, стигма астында лизосомалар саны көбейеді. ЛГ және ФСГ көп пайда болуын стимулдейді [1, 2].

Фолликулярлық сұйық көлемі көбейгенмен, фолликулярлық қуыстың ішкі қысымы ұлғаймайды. Ал овуляция кезінде аналық торшамен қоса біраз қоймалжың сұйық бөлінеді.

Түйіршікті жасушалар протеолитикалық ферментті синтездейді, ал бұл плазминогеннің активаторы-бұның синтезі ФСГ бөлінуін стимулдейді. Осы өзгерістердің бәрі фолликул қабырғасының дәнекер ұлпасын бұзуға дайындайды және үзілуін тездетеді.

Сондықтан, ЛГ әсерінен преовуляторлық фолликул, прогестерон және простагландиндер синтезін көбейтеді. Осы айтылғандардың бәрі, яғни гормондардың әрекеттері түгелдей дерлік овуляция процесі қалыпты жағдайда жүруіне мүмкіншілік туғызады [2].

Кейбір гипотеза бойынша фолликул қабырғасының өздігінен тесілуі не жарылуы, оның беріктілігінің төмендеуінен немесе сол жердегі қан тамырлары жұмыстары баяулап, не ферменттердің локальды іс-әрекетінің белсенділігінің артуынан деп есептеледі. Ферменттер гипофиз гормонымен (ЛГ) стимулденеді. Осы гормондар әрекетінен жыныс безі стромасының бірыңғай бұлшықет жасушалары қасиеттеріне сәйкес, олардың импульсивтік жиырылуы және фолликулдың ішкі қысымы артады да овуляция туындайды.

Зерттеу әдістері және қажетті материалдар. Зерттеу жұмыстары Алматы облысы, Талғар ауданы «Байсерке-Агро» ЖШС шаруашылығында 2018-2019 жылдары 155 бас голштейн тұқымды сиырларына ЛГ және ФСГ гормондарының көрсеткіші арқылы овуляция

деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді. Ғылыми-зертханалық зерттеу жұмыстары акушерлік, хирургия және өсіп-өну биотехнологиясы кафедрасының зертханасында және Қазақстан-жапон инновациялық орталығына қарасты, оқу-ғылыми диагностикалық зертханасында жүргізілді. Зерттеуге арналған материал ретінде перифериялық қанды пайдаландық.

Біз жоғарыда аталған шаруашылықта зерттеу жұмысын жүргізу үшін 155 бастың овуляция деңгейін екі рет анықтадық. Бірінші рет барлық мал басынан түгел яғни 155 бастан жаппай қан алынды, ал екінші мәрте қан сынамасы генотиптеу нәтижесі жүргізілгеннен соң алынды. Бірінші зерттеуден соң репродуктивтік жүйесінде патологиялық белгілері бар және генотиптеу нәтижесі бойынша 66 бас сиыр өндірістік табыннан алынып тасталды. Зерттеу тобында қалған 89 бас асыл тұқымды сиырлардың жыныстық қызметіне келесі көрсеткіштері бойынша талдау жүргізілді: сервис кезеңнің ұзақтығы, ұрықтану индексі және туғаннан кейінгі нәтижелі ұрықтану үлесі. Репродуктивті қызметі қалыпты жағдайдағы асыл тұқымды аналық сиырлар, олар кем дегенде үш рет жүйелі түрде төл беруі керек.

Қажетті қанды сиырлардың күре тамырынан вакуум-таймер, ішінде ЭДТА бар пробиркаларға алдық.

Сынаманы қолданғанға дейін минус 20 °С температурада ұстадық.

Жиынтықтың құрамына ФСГ және ЛГ бірдей компоненттері кіреді:

- 96-ұяшықты полистиролды стриптелген планшет, ФСГ және ЛГ-ға сенсублизацияланған антиденелер, қолдануға дайын – 2 дана;

- құрамында ФСГ және ЛГ белгілі мөлшері бар жануардың қан сарысуының негізіндегі калибрлеу сынамалары; 0; 3,0; 10; 30; 60; 120; калибрлеу сынамаларында ФСГ және ЛГ мөлшері зерттеу кезінде шамалы өзгеруі мүмкін, нақты мөлшері және құрамы (лиофилденген немесе сұйық) флаконда көрсетілген – 12 фл (0,5 мл);

- құрамында ФСГ және ЛГ бар, (лиофилденген немесе сұйық) жануар қан сарысуының негізіндегі бақылау қан сарысуы – 2 фл (0,5 мл);

- қолдануға дайын құрамында пероксидаза бар ФСГ және ЛГ моноклоналды антиденелердің конъюгаты – 2 фл (14 мл-ден);

- фосфатты-тұзды буферлік ерітінді (ФТБЕ) твин-20, рН 7,0 + 0,5 қосылған, концентрацияланған – 2 фл (15 мл-ден);

- сутегі тотығы қосылған тетраметилбензидин (ТМБ) негізіндегі субстрат ерітіндісі, пайдалануға дайын – 2 фл (14 мл-ден);

- стоп реагент, пайдалануға дайын – 2 фл (15 мл-ден);

- планшетті желімдеуге арналған пленка – 2 дана.

Жиынтықтың барлық компоненттері және зерттелетін үлгілер талдау жүргізер алдында бөлме температурасында біршама 20-25 °С уақыт ұсталып, мұқият араластырылды. Жұмыс ерітіндісін дайындау үшін фосфатты-тұз (ФТБЕ) ерітіндісінің 1 көлеміне 19 көлем дистилденген су қосылды.

Планшеттің екі қатарына (ұяшықтарға) ең аз концентрациядан бастап 20 мкл-ден калибрлеу сынамалары (КП) енгізілді. Планшеттің екі ұяшығына 20 мкл-ден бақылау сарысуын (КС) және қалған ұяшықтарға зерттелетін қан сарысуының (ИС) үлгілерінің 20 мкл-ден енгізілді. Барлық ұяшықтарға 100 мкл-ден пероксидаза бар ФСГ және ЛГ-ға моноклоналды антиденелердің конъюгаты енгізілді. Араластырып, планшетті пленкамен жауып, 37 °С температурада 1 сағат инкубацияланды.

Ұяшықтарды 3 рет 250 мкл-ден (ФТБЕ) жұмыс ерітіндісі арқылы жуылып (автоматты жуу кезінде-300-350 мкл), ұяшықтағы ылғалды таза тампонмен сүртілді. Планшеттің әрбір ұяшығына 100 мкл субстрат ерітіндісі ретпен енгізіліп, 37 °С температурада 15-20 мин қараңғы жерде ұстаймыз. Планшеттің әрбір ұяшығына 100 мкл-ден стоп-реагентті жылдам және ретпен енгіземіз.

Бір минут уақыт аралығында термошейкерде араластырып, толқын ұзындығы 450 нм болғанда планшет ұяшықтарындағы оптикалық тығыздықты өлшейміз.

Зерттеу нәтижелері және талдау. Бүгінгі күні біздің зерттеуіміз бойынша 2018-2019 жылдары «БайсеркеАгро» шаруашылығындағы 155 бас голштейн тұқымды сиырларына ЛГ және ФСГ гармондарының көрсеткіші арқылы овуляция деңгейі анықтау жұмыстары жүргізілді. Осы уақытта 66 бас генетикалық және репродуктивтік жүйесінде патологиясы бар сиырлар өндірістік табыннан алынып тасталды. Зерттеу тобындағы 89 бас асыл тұқымды сиырлардың жыныстық қызметіне талдаулар жасалды.

Жалпы жануарларда болатын жыныстық циклді орташа 21 күн деп алсақ, 17-ші күні овуляцияның өтуімен қатар қандағы ЛГ және ФСГ мөлшері көбейіп, аталған гармондар жоғары деңгейге жетеді (1-ші сурет).

Аналық малдың қанында ФСГ, ЛГ және эстрогендер концентрациясының қалыпты деңгейде болуы, овуляция процесінің дұрыс өтіп, ұрықтанып, лютеиндік фазаға ауысуына қолайлы жағдай туғызады.

Овуляция кезінде ЛГ және ФСГ қатынасы әрқашан шамамен 1,0-2,5 бірлік болуы керек. Егер көрсеткіш қатты өзгерсе, жыныстық гармондардың жеткіліксіздігі әсерінен аналық мал ағзасында әсресе жыныс жүйесінде бедеулікке қатысты мәселелер туындайды. Мысалы: бір прогестерон гормоны көлемі жеткіліксіз болған жағдайда, жатырдың қабатының эмбрионның телінуіне қолайсыз болады. Жатырдың бұндай кілегей қабаты эмбрионның телінуіне қолайсыз болып, эмбрионалдық өлімге әкеп соқтырады.

Зерттеу топтарындағы сиырлардың овуляция кезінде яғни 30-40-шы күнге қарай ФСГ және ЛГ деңгейінің тұрақты көбейгенін атап өткен жөн, алайда арнайы зерттеуге дейін ең жоғары көрсеткіштер орташа 0,4-2,0 ХБ/л аралығында болғанын, ал генотиптеу нәтижесінен кейін бұл көрсеткіш 1,1-2,2 ХБ/л аралығында болғанын, яғни бұл алғашқы топтағы сиырлардың деңгейінен 25,6 % - ға артық екенін атап өткен жөн (2-ші кесте).

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, тәжірибе тобындағы сиырлардың аналық бездері мен жатыры қызметі қалпына келіп, 91 % нәтижелі ұрықтандырылды. Осы зерттеуге алынған топтар бойынша сервис кезеңінің ұзақтығы 30 күнге жетіп, ал ұрықтандыру индексі 0,5 есеге қысқарды.

Қорытынды.

- Ұрғашы малдардың қанында ФСГ, ЛГ және эстрогендер концентрациясының қалыпты деңгейде болуы, овуляция процесінің дұрыс өтіп, ұрықтанып, лютеиндік фазаға ауысуына жағдай жасайды.

- Овуляция кезінде ЛГ және ФСГ қатынасы әрқашан шамамен 1,0-2,5 бірлік болуы керек. Егер көрсеткіш қатты өзгерсе, жыныстық гармондардың жеткіліксіздігі әсерінен аналық мал ағзасында әсресе жыныс жүйесінде бедеулікке қатысты мәселелер туындайды. Мысалыға бір прогестерон гормоны көлемі жеткіліксіз болған жағдайда, жатыр ішкі қабырғасының эмбрионға дайындық қабілеті төмендейді. Ол қабырғада эмбрион ұстай алмайды, сондықтан ұрық дамымайды.

- Зерттеу топтарындағы сиырлардың овуляция кезінде яғни 30-40-шы күнге қарай ФСГ және ЛГ деңгейінің тұрақты көбейгенін атап өткен жөн, алайда арнайы зерттеуге дейін ең жоғары көрсеткіштер орташа 0,3-2,5 ХБ/л аралығында болғанын, ал генотиптеу нәтижесінен кейін бұл көрсеткіш 1,1-2,5 ХБ/л аралығында болғанын, яғни бұл алғашқы топтағы сиырлардың деңгейінен 25,6 %-ға артық екенін көрсетеді.

- Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, тәжірибе тобындағы сиырлардың аналық бездері мен жатыры қызметі қалпына келіп, 91 % нәтижелі ұрықтандырылды. Осы зерттеуге алынған топтар бойынша сервис кезеңінің ұзақтығы 30 күнге, ал ұрықтандыру индексі 0,5 есеге қысқарды.

ӘДЕБИЕТ

1 Остин К., Шорт Р. «Гормональная регуляция размножения у млекопитающих». Пер. с англ. под ред. В. Б. Розена. - М.: Мир, 1987. – 303 с.

2 Материалы на сайте SYL.ru: <https://yandexwebcache>. «Норма и соотношение ЛГ и ФСГ». Апрель 2020.

3 Сарыбаев Ы.У., Усенбеков Е.С., Туребеков О.Т. «Голштейн тұқымдас сиырларды LHCGR, FSHR локустары бойынша генотиптеу нәтижелері». Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. – 2019. – № 04 (084). – С. 81-87. ISSN 2304-3334-04.

4 Abdi S., Rafat A., Firouzmandi M., Moghadam G., J. Shoja J. Polymorphisms of the bovine luteinizing hormone/choriogonadotropin receptor (LHCGR) gene and its association with ovarian follicular cysts // University of Tabriz, Iran. Revue Méd. Vét. – 2017. – 168. – 7-9. – P. 143-150.

5 H. Kusaka, H. Miura, M.Kikuchi, M. Sakaguchi “Incidence of Double Ovulation During the Early Postpartum Period in Lactating Dairy Cows” // Laboratory of Theriogenology, School of Veterinary Medicine, Kitasato University, Towada, Aomori 034-8628, Japan. – 2017. – 15. – 91. – P. 98-103.

УДК 619:614.31

М.О. Токаева, Ж.Б. Мырзабеков, Б.Б. Барахов, А.А. Малдыбаева, С.Д. Айдарбеков

НАО «Казахский национальный аграрный университет», Алматы, Казахстан
baxa.kz.uko@mail.ru

ВЛИЯНИЕ МИКРОКЛИМАТА НА ВОСПРОИЗВОДИТЕЛЬНУЮ СПОСОБНОСТЬ КОРОВ

Аннотация. Приведены данные о влиянии микроклимата на воспроизводительную способность коров. Установлено, что уровень воспроизводительной способности у коров в значительной степени зависят от условий содержания животных. Анализ воспроизводительной способности молочных коров показал низкую плодовитость, выход телят составляет 75 %, что свидетельствует об экономической невыгоде. Рентабельность производства обеспечивается только при 90 % и выше плодовитости коров. На низкую воспроизводительность влияет комплекс факторов, в том числе и вышеперечисленные условия окружающей среды обитания животных. Для достижения эффективности производства необходимо вести контроллинг воспроизводства стада.

Ключевые слова: микроклимат, коровы, животноводческие помещения, воспроизводительные способности, сервис период, молочная продуктивность.

М.О. Токаев, Ж.Б. Мырзабеков, Б.Б. Барахов, А.А. Малдыбаев, С.Д. Айдарбеков

«Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КеАҚ, Алматы, Қазақстан

СИЫРЛАРДЫҢ ӨНІМДІЛІК ҚАБІЛЕТІНЕ МИКРОКЛИМАТТЫҢ ӘСЕРІ

Аннотация. Микроклиматтың сиырлардың өнімділік қабілетіне әсері туралы деректер келтірілген. Сиырлардың өнімділік қабілетінің деңгейі жануарларды ұстау жағдайларына байланысты екені анықталды. Сүтті сиырларының өнімділік қабілетін талдау нәтижесінде өсімталдығының төмендігін көрсетті, бұзаудың шығуы 75 % - ды құрайды, бұл экономикалық тұрғыдан төмен екенін көрсетеді. Өндірістің рентабельділігі сиырлардың өнімділігі 90 % және одан жоғары болғанда ғана қамтамасыз етіледі. Төменгі өнімділікке факторлар кешенді түрде, оның ішінде жануарлардың мекендеу ортасының жоғарыда аталған жағдайлары да әсер етеді. Өндірістің тиімділігіне қол жеткізу үшін табынды ұдайы өндіру контроллингін жүргізу қажет.

Түйін сөздер: микроклимат, сиырлар, мал шаруашылығы қоралары, өнімділік қабілеті, қызмет көрсету кезеңі, сүт өнімділігі.

M.O. Tokayeva, Zh.B. Myrzabekov, B.B. Barakhov, A.A. Maldybayeva, S.D. Aidarbekov

NCJSC «Kazakh National Agrarian University», Almaty, Kazakhstan

INFLUENCE OF MICROCLIMATE ON THE REPRODUCTIVE CAPACITY OF COWS

Abstract. Data on the influence of microclimate on the reproductive ability of cows are presented. It was found that the level of reproductive ability in cows largely depends on the conditions of keeping animals. Analysis of the reproductive capacity of dairy cows showed low fertility, the output of calves is 75 %, which indicates an economic disadvantage. The profitability of production is provided only at 90 % and above the fecundity of cows. Low reproduction is affected by a complex of factors, including the above-mentioned environmental conditions of animals. To achieve production efficiency, it is necessary to control the reproduction of the herd.

Keywords: microclimate, cows, livestock buildings, reproductive abilities, service period, milk productivity.

Введение. В условиях ведения промышленного животноводства микроклимат играет роль постоянно действующей воздушной среды и оказывает существенное влияние на молочную продуктивность и здоровье животных.

Микроклимат животноводческих помещений представляет собой ряд постоянно действующих на организм животного факторов внешней среды, которые оказывают благоприятное или неблагоприятное воздействие на физиологическое состояние коров. Условия содержания складываются из следующих факторов: физические, химические, биологические и технологические.

Условия содержания животных тесно переплетаются с состоянием микроклимата закрытых животноводческих помещений, который определяется комплексом физических факторов (температура, влажность, движение воздуха, атмосферное давление, освещение и ионизация, производственные шумы), газовым составом воздуха (кислород, углекислый газ, аммиак, сероводород и др.) и механическими примесями. Формирование микроклимата в помещениях зависит от местного климата, объемно-планировочных решений, уровня воздухообмена или эффективности вентиляции, отопления или охлаждения, теплозащитных свойств ограждающих конструкций, технологии содержания и кормления, способов уборки навоза, плотности размещения животных и т. п. [1, 2]. Известно, что содержание скота в холодных, сырых, плохо вентилируемых зданиях со сквозняками приводит к снижению продуктивности, увеличению расхода кормов на единицу продукции, росту заболеваемости, снижению естественной резистентности и иммунологической реактивности организма. Ухудшается качество животноводческой продукции: молоко загрязняется, приобретает аммиачный запах, повышается его кислотность и бактериальная обсемененность [2, 3]. Уровень воспроизводительных способностей коров в значительной степени зависит от условий содержания, состояния микроклимата, наличия моциона, уровня кормления. Снижение или повышение температуры ниже или выше термонейтральной зоны вызывает депрессию плодовитости стада [4]. Нынешний подход к содержанию коров предлагает различные варианты животноводческих помещений, в том числе облегченных конструкций [2, 5]. Сочетание указанных моментов в значительной степени влияет на животных. Поэтому изучение данного вопроса с целью оптимизации технологических аспектов содержания крупного рогатого скота является актуальным.

Цель работы – изучить влияние микроклимата на воспроизводительную способность коров и качество производимой продукции.

Материал и методика исследований. Исследования проводили в условиях КХ «Айдарбаев Е.С.» Енбекшиказахского района Алматинской области.

Предметом исследования являлись отдельные показатели воспроизводительных способностей коров и качество производимой продукции, а также помещения для содержания животных. Уровень воспроизводительных способностей коров оценивали по общепринятым в скотоводстве методикам. В проведенных исследованиях были изучены такие показатели как продолжительность сервис периода, оплодотворяемость коров после первого осеменения, количество мертворожденных телят, количество абортированных коров, яловость коров, выход телят на 100 коров, средняя живая масса телят, удой молока на одну голову и количество соматических клеток в молоке

Микроклимат животноводческих помещений – это совокупность физического, химического и биологического состояния окружающей среды, которая определенным образом влияет на организм животных.

Результаты исследований и их обсуждение. Несоответствие микроклимата зоогигиеническим требованиям, особенно по температурно-влажностному режиму и освещенности приводит к большим потерям от снижения разных видов продуктивности животных, воспроизводительной способности маточного поголовья, от заболеваемости и падежа молодняка, а также от увеличения затрат кормов на производство единицы продукции и снижения ее качества. Кроме того, неудовлетворительный температурно-влажностный режим ведет к сокращению сроков эксплуатации помещений.

Исходя из этого, нами были изучены параметры микроклимата в КХ «Айдарбаев Е.С.» различные периоды года. Результаты приведены в таблице 1.

Таблица 1 – Показатели микроклимата в различные периоды года

№	Показатели	Зима	Весна	Лето	Осень
1	Температура, °С	9,6±1,4	21,1±3,4	29,2±3,4	21,4±3,0
2	Относительная влажность, %	61,6±3,5	55,1±3,6	38,9±2,4	44,9±3,2
3	Скорость движения воздуха, м/с	0,35±0,04	0,2±0,01	0,02±0,01	0,38±0,04
4	Углекислый газ, %	0,18±0,04	0,14±0,03	0,10±0,02	0,16±0,04
5	Аммиак, мг/м ³	18,0±2,7	14±2,2	3,8±0,7	15±2,4
6	Микробная обсемененность, тыс.м.т./м ³	75,0±8,6	86,8±9,2	102,8±10,4	92,3±9,8

Анализ показателей микроклимата свидетельствует, что в зимний период в целом по корпусу температура воздуха находится в пределах чуть ниже нормы – температура составила (9,6 ± 1,4) °С. Весной и осенью температура воздуха в помещении находилась в пределах нормы, или незначительно превышала оптимум. В весенний период она колебалась 21,1 °С, в осенний – до 21,4 °С. Относительная влажность воздуха весной находилась ниже оптимальных показателей, особенно летний и осенний периоды, т.е. 38,9 % и 44,9 % соответственно. Такую же тенденцию наблюдали в зимний и осенний периоды. Причем зимой колебания влажности по корпусу составляли до (61,6 ± 3,5) %. Весной во всем помещении влажность была ниже нормы на 19,9 % и составила 55,1 %. В зимний период скорость движения воздуха превышала норму на 0,15 м/с и ее величина установлена в 0,35 м/с. Весной в целом по корпусу подвижность воздуха находилась в пределах нормы – 0,2 м/с. В осенний период скорость движения воздуха была в чуть выше оптимальных показателей – 0,38 м/с.

Анализ газового состава воздуха по углекислому газу не выявил достоверных различий по сезонам года. Самый высокий результат по данному показателю был получен в зимний период – 0,18 %, а самый низкий в весенний период – 0,12 %. Содержание аммиака в среднем за период исследований находилось на уровне 12,7 мг/м³, самый высокий результат

был получен в зимний период – 18 мг/м³, в летний период самый низкий результат – 3,8 мг/м³.

При исследований микробной обсемененности воздуха в летний и осенний периоды воздух помещения был сильно загрязнен – 102,8 тыс.м.т./м³ и 92,3 тыс.м.т./м³ соответственно. Сравнительно воздух чище был в зимний период – 75,0 тыс.м.т./м³.

Таким образом, детальный анализ динамики параметров микроклимата в различные периоды года выявил, что требования микроклимата в данном хозяйстве в течение года имели отклонения основных показателей от нормы. Если летом в коровниках очень жарко, душно и микробная обсемененность воздуха была высокая, то в зимний период наоборот, в коровниках было холодно, отмечается охлаждение помещения.

В данном хозяйстве проведено изучение влияния микроклимата на воспроизводительную способность и молочной продуктивности коров.

Уровень воспроизводительных способностей коров в значительной степени зависит от условий содержания, состояния микроклимата, наличия моциона, уровня кормления. Снижение или повышение температуры ниже или выше термонейтральной зоны вызывает депрессию плодовитости стада.

Известно, что воспроизводительная способность животных подвергаются воздействию самых разнообразных факторов. Поэтому для контроля за репродуктивной способностью крупного рогатого скота в условиях практического производства применяют следующие критерии для оценки воспроизводства поголовья: индекс осеменений; индекс воспроизводства стада; количество первотелок, которые введены в основное стадо за год; интервалы между осеменениями. Результаты исследований по воспроизводительной способности коров приведены в таблице 2.

Таблица 2 – Результаты исследований по воспроизводительной способности коров в различные периоды года

Показатели	Зима	Весна	Лето	Осень
Продолжительность сервис периода (в днях)	130±12,0	142±18,3	150±19,5	145±16,4
Оплодотворяемость коров после первого осеменения (%)	37±2,4	40±3,2	47±3,7	42±3,0
Количество мертворожденных телят (%)	2,1±0,2	2,0±0,2	1,5±0,1	1,04±0,1
Количество абортированных коров (%)	3,2±1,4	2,18±1,2	0,39±1,0	0,89±1,0
Яловость коров (%)	2,5±1,3	2,0±1,2	1,8±1,0	2,5±1,3
Выход телят на 100 коров (%)	75±4,5	82±5,0	70±4,0	73±4,4
Средняя живая масса телят (при рождении, кг)	32±4,2	34±4,0	34±4,0	33±4,5
Удой молока на одну голову (в кг)	261±8,6	235±7,4	220±6,8	450±9,0
Соматические клетки (в тыс/мл)	159,1±3,5	209±4,2	292±4,8	188,6±3,8

Из таблицы 2 видно, что длительная продолжительность по воспроизводительной способности установлено летний период (150 дней), тогда как в зимний и весенний период она длилась от 130 до 142 дней. По показателям оплодотворяемости коров, количеству мертворожденных телят в летний период оказался больше на 7-10 голов, чем в другие сезоны года и составила 47 %, тогда как в зимний период – 37 %, весенний – 40 % и осенний период – 42 %.

Самый высокий результат по количеству абортированных коров был получен в зимний период – 3,2 %, а самый низкий показатель в летний и осенний периоды – 0,39 % и 0,89 %, соответственно.

Яловость коров во все периоды года в среднем составила 2,2 %, при этом низкий результат был получен в летний период – 1,8 %.

Выход телят на 100 коров составил в весенний период 82 %, тогда как этот показатель в зимний, осенний и летний периоды был ниже – 75, 73 и 70, соответственно.

Самый низкий показатель средней живой массы телят при рождении установлен в зимний период 32 кг, тогда как высокий показатель было установлено в осенний и летний периоды по 34 кг.

Удой молока на одну голову в среднем составила 291,5 кг, при этом самый высокий удой был подучен в осенний период – 450 кг, а самый низкий удой в летний период – 220 кг.

Количество соматических клеток в молоке колебалась от 159,1 до 292 тыс/мл и высокая концентрация установлено в осенний период, хотя по данному показателю произведенное молоко соответствует требованиям.

Исходя из эти данных можно заключить, что основные причины снижения воспроизводительных способностей животных это не соблюдение параметров микроклимата, нарушение обмена веществ, вследствие погрешностей в кормлении и содержании животных; заболевания животных, особенно послеродовые и гинекологические; недостатки в организации и проведении осеменения животных, а также от увеличения затрат кормов на производство единицы продукции и снижения ее качества. Кроме того, неудовлетворительный температурно-влажностный режим ведет к сокращению сроков эксплуатации помещений.

Снижение уровня молочной продуктивности связано с резкими колебаниями параметров микроклимата, наиболее неблагоприятные последствия отмечались после воздействия высоких температур наряду с критически низкой относительной влажностью помещений, а также при сочетании низкой температуры, высокой влажности и скорости движения воздуха. Выявлена тенденция снижения жирности молока при низкой относительной влажности и недостаточной скорости движения воздуха.

Заключение. Уровень воспроизводительных способностей у коров в значительной степени зависят от условий содержания животных.

Детальный анализ динамики параметров микроклимата в КХ «Айдарбаев Е.С.» различные периоды года выявил, что требования микроклимата в данном хозяйстве в течение года имели отклонения. Если летом в коровниках очень жарко, душно и микробная обсемененность воздуха была высокая, то в зимний период наоборот, в коровниках было холодно, отмечается охлаждение помещения.

По результатам изучения влияния микроклимата на воспроизводительную способность и молочной продуктивности коров установлено, что анализ организации содержания животных в КХ «Айдарбаев Е.С.» свидетельствует о невысоких показателях воспроизводства. Анализ воспроизводительной способности молочных коров показал низкую плодовитость, выход телят составляет 75 %, что свидетельствует об экономической невыгоде. Рентабельность производства обеспечивается только при 90 % и выше плодовитости коров. На низкую воспроизводительность влияет комплекс факторов, в том числе и вышеперечисленные условия окружающей среды обитания животных. Для достижения эффективности производства необходимо вести контроллинг воспроизводства стада.

ЛИТЕРАТУРА

1 Зоогигиена: учебник / И. И. Кочиш [и др.]; под ред. И. И. Кочиша. – СПб.: Изд-во «Лань», 2008. – 464 с.

2 Трофимов А. Ф. Оптимальный микроклимат – залог высокой продуктивности коров / А. Ф. Трофимов, В. Н. Тимошенко, А. А. Музыка // Наше сельское хозяйство. – 2011. – № 5. – С.4–10.

3 Е.Н. Мартынова, Е.А. Ястребова. Влияние показателей микроклимата на молочную продуктивность коров в животноводческих помещениях различного типа // Научное обеспечение развития АПК в современных условиях: материалы Всероссийской научно-практической конференции (15-18 февраля 2011 г.) В 3-х т. Т.2 / ФГОУ ВПО Ижевская ГСХА. – Ижевск: ФГОУ ВПО Ижевская ГСХА, – 2011. – С.145-149.

4 Ястребова Е.А. Влияние параметров микроклимата на физиологическое состояние и молочную продуктивность коров: автореф. ... канд. с/х. наук. – Ижевск, 2013. – 18 с.

5 Hatem M.H. Shed height effect on dairy cows microclimate / M.H. Hatem, R.R. Sadek, M. Samer // Misr J. Ag. Eng. – 2004. – № 1., 21 (2). – P. 289-304.

УДК 616.1:591.4:612.3: 636.7

М. Турлыхан, К.А. Орынханов, А.А. Абдулла, Б.К. Баймирзаев, Г.А. Хасанова

НАО «Казахский Национальный Аграрный Университет», Алматы, Казахстан
turlykhan.moldir@mail.ru, k_orynkhanov@mail.ru, aaigul81@mail.ru, mr.baimyrzaev@mail.ru,
kuzya_2309@mail.ru

ДОСТОВЕРНОСТЬ АППАРАТНОЙ ДИАГНОСТИКИ ПРИ ОБСТРУКЦИИ ЖКТ У СОБАК

Аннотация: В статье приводятся данные полученные при проведении диагностики кишечной непроходимости различными методами, полученные результаты свидетельствуют о более высокой достоверности диагностической лапаротомии по сравнению с УЗ диагностикой и контрастной рентгенографией. По результатам визуальной диагностики и обзорной рентгенографии, явные признаки непроходимости ЖКТ обнаружили только у 2 собак. При проведении контрастной рентгенографии непроходимость была выявлена у всех 6 животных, но дифференцировать механическую обструкцию от динамической непроходимости было затруднено у 4 собак. После проведения диагностической лапаротомии у всех собак удалось выяснить причину обструкции.

Ключевые слова: собаки, обструкции, УЗ исследования, рентгенография, контрастная рентгенография, диагностическая лапаротомия.

М.Турлыхан, К.А. Орынханов, А.А. Абдулла, Б.К. Баймирзаев, Г.А. Хасанова

«Қазақ Ұлттық аграрлық университеті» КЕАҚ, Алматы қаласы, Қазақстан

ИТТЕРДІҢ АС ҚОРЫТУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ОБСТРУКЦИЯЛАРЫНЫҢ (БІТЕЛУІНІҢ) ҚҰРАЛДАРМЕН БАЛАУ ӘДІСТЕРІНІҢ НАҚТЫЛЫҒЫ

Аннотация. Мақалада әр түрлі әдістермен ішек өтпеушілігіне диагностика жүргізу кезінде алынған деректер келтіріледі, алынған нәтижелер УДЗ диагностикасымен және контрасты рентгенографиямен салыстырғанда диагностикалық лапаротомияның жоғары шынайылығын айқындайды. Визуалды диагностика және шолу рентгенографиясының нәтижелері бойынша АҚЖ өтпеушілігінің айқын белгілері тек 2 иттен табылды. Контрасты рентгенографияны жүргізу кезінде барлық 6 жануарда обструкция анықталды, бірақ механикалық обструкцияны динамикалық обструкциядан ажырату 4 итте қиыншылық тудырды. Диагностикалық лапаротомия жүргізілгеннен кейін барлық иттерде обструкция себебі анықталды.

Түйін сөздер: иттер, обструкциялар, УД-ты зерттеулер, рентгенография, контрасты рентгенография, диагностикалық лапаротомия.

М. Turlykhan, K.A. Orynkhanov, A.A. Abdulla, B.K. Baymirzaev, G.A. Khasanova

Non-profit JSC "Kazakh National Agrarian University", Almaty, Kazakhstan

RELIABILITY OF HARDWARE DIAGNOSTICS FOR GASTROINTESTINAL OBSTRUCTION IN DOGS

Abstract. The article presents data obtained during the diagnosis of intestinal obstruction by various methods, the results indicate a higher reliability of diagnostic laparotomy compared to ULTRASOUND diagnostics and contrast radiography. According to the results of visual diagnostics and review radiography, clear signs of gastrointestinal obstruction were found only in 2 dogs. During contrast radiography, obstruction was detected in all 6 animals, but it was difficult to differentiate mechanical obstruction from dynamic obstruction in 4 dogs. After performing diagnostic laparotomy in all dogs, it was possible to find out the cause of the obstruction.

Keywords: dogs, obstruction, ULTRASOUND examination, radiography, contrast radiography, diagnostic laparotomy.

